



БЕКІТЕМІН

Алматы облыстық білім беруді дамыту  
оқу-әдістемелік орталығы директоры

А.Қабдұлова

«\_\_» \_\_ 2021 ж.

**«ӘР ГЕОГРАФ – ӨЛКЕТАНУШЫ» ЖАБАСЫ АЯСЫНДА  
«Жергілікті табиғи ресурстар»  
атты облыстық сырттай ғылыми мақалалар байқауының  
ЕРЕЖЕСІ**

**1. Жалпы ережелер**

Педагогтердің облыстық сырттай байқауын (әрі қарай Байқау) ұйымдастырушы - Алматы облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығы.

**2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері**

**Мақсаты:**

Өз өлкесінің табиғи ресурстарына зерттеу жүргізу негізінде жинақтаған материалдарын жарнамалауға қолдау жасау.

**Міндеттері:**

- Жаңа білімдерді игеру арқылы зерттеушілік күзіреттіліктерін арттыру;
- Іскерлік қажеттіліктері үшін шығармашылық потенциалын және кәсіби-педагогикалық танымын кеңейту;
- Мұғалімнің жеке тұлғалық кәсіби міндеттерін іске асыруда функционалдық сауаттылығын дамыту.
- Шығармашыл педагогтерді айқындау, қолдау.

**3. Байқауға қатысушылар:** облыстың география пәні мұғалімдері.

Байқауды ұйымдастыру және өткізу бойынша ұйымдастыру комитеті және әділқазы алқасы құрылады.

**4. Ұйымдастыру комитетінің міндеттері:**

1. Байқаудың өткізілу мерзімін анықтау.
2. Байқауға дайындық және оны өткізуді ұйымдастыру.

**5. Әділқазылар алқасы міндеттері:**

1. Байқауға қатысушылардың жұмысын қарау және бағалау.
2. Қорытындысын шығару.

**6. Өткізілу тәртібі мен мерзімі:**

Байқау 2 кезеңмен өткізіледі:

- 1-кезең - аудандық (қалалық). Облыстық кезеңге аудандық (қалалық) кезеңнен өткен 1 үздік жұмыс қатысады.
- 2-кезең – облыстық. Қашықтан білім беру платформалары арқылы әділқазы алқасы, «Жетісу шыңы» облыстық география пәні ассоциациясы мүшелері ғылыми мақаланы талдап, критерийлер бойынша бағалап, қорытындысын шығарады.

**7. Жұмыс орындауға қойылатын талаптар:**

1. «Жергілікті табиғи ресурстар» тақырыбындағы ғылыми мақала өз өңірлеріндегі табиғи ресурстарға өзіндік тұрғыдан зерттеу жүргізілуі қажет.
2. Ғылыми мақалаға қатысты төмендегідей жоспар сақталуы тиіс:

Кіріспе

Негізгі бөлім

Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

Ғылыми мақала 5 беттен кем болмауы керек.

### **8.Бағалаудың негізгі критерийлері:**

- негізгі тақырыпқа сай болуы;
- рәсімдеу талаптарына сәйкестігі;
- нақты дәлелдемелері мен мақсаттары тұжырымдалуы;
- жұмыстың жаңашылдық деңгейі;
- жұмыстың ғылымилығы;
- жұмыстың сабаққа қолданылу болашағы.

Байқауға қатысу үшін сұраныс (қосымша 1) 2021 жылдың **23 ақпанына** дейін облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының [tal.metod@mail.ru](mailto:tal.metod@mail.ru) электрондық адресіне жіберілуі керек.

Байланыс телефондары: 8(7282)401334; 87778373939.

Байқау жеңімпаздары дипломдармен марапатталады.

Байқау қорытындысы туралы ақпараттар облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының [www.talmetod.kz](http://www.talmetod.kz) сайтына жарияланады.

### **1 қосымша**

1	Қатысушының аты жөні;	
2	Туған жылы	
3	Аудан	
4	Мектеп	
5	Эл. почта	
6	Жұмыстың атауы	
7	Жұмыстың мазмұнына қысқаша түсініктеме	